

"Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 мамырдағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 29 наурызда № 6851 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 9 қаңтардағы № 6 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 09.01.2015 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Сауда-өнеркәсіп палаталары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тауардың шығу тегі туралы сертификаттар бланкілерінің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрі міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 мамырдағы № 83 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № 6310 болып енгізілді, 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 27-28 (26430) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

1-бағанда «Жөнелтуші/экспорттаушы» деген сөздер «Жүк жөнелтуші/экспорттаушы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-бағанда «Алушы/импорттаушы» деген сөздер «Жүк алушы/импорттаушы» деген сөздермен ауыстырылсын;

9-бағанда «Шығару өлшемдері» деген сөздер «Шығу тегінің өлшемдері» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-бағанда «Салмағы (кг, ыдыс, таза)» деген сөздер «Тауар саны» деген сөздермен ауыстырылсын.

тауардың шығуы туралы сертификаттың қосымша парағында:

9-бағанда «Шығару өлшемдері» деген сөздер «Шығу тегінің өлшемдері» деген сөздермен ауыстырылсын;

10-бағанда «Салмағы (кг, ыдыс, таза)» деген сөздер «Тауар саны» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркеуден кейін бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Н.Қ. Әбдібековке жүктелсін.

4. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>Премьер-Министрінің</i>	<i>Орынбасары –</i>
	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы</i>
	<i>И н д у с т р и я</i>	<i>ж ә н е ж а ң а</i>
<i>технологиялар министрі</i>	<i>Ә. Исекешев</i>	